

Приозерск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 5/38 "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының XXVII сессиясының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 27/180 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 желтоқсанда № 2450 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 5/38 "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Ережесін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-4-278 болып тіркелген, 2012 жылғы 11 мамырдағы № 18 (251) "Приозерский вестник" газетінде жарияланған), қалалық мәслихатының 2013 жылғы 12 наурыздағы № 17/125 "Приозерск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 5/38 "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" шешімімен өзгерістер мен толықтыру енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2304 болып тіркелген, 2013 жылғы 03 мамырдағы № 18/299 "Приозерский вестник" газетінде жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Ереженің 2-тармағының төртінші абзацында "төлеуге" сөзінен кейін ";" тыныс белгісі "." тыныс белгісімен ауыстырылсын;

2) Ереженің 2-тармағындағы бесінші абзацы алынып тасталсын;

3) Ереженің 3-тармағының бірінші абзацы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"3. Тұрғын үй көмегі Приозерск қаласында тұрақты тұратын, осы тұрғын үйде тіркелген отбасыларға (азаматтарға), егер тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметіне, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілетін тұрғын үй ауданы нормасының шегінде, бірақ нақты пайдаланатын жалпы ауданнан, және тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну, байланыс қызметтерін төлеуге шығындар нормативтерінен көп

емес, осы мақсаттарға шекті-жол берілетін шығыстар үлесінен асатын болса беріледі.";

4) Ереженің 18-тармағындағы 10-1) тармақшасы алынып тасталсын;

5) Ереженің 21-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"21. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарды төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (

К е н е с о в

Ж .) .

3. Осы шешім 2014 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы

Т. Махмұдов

Мәслихат хатшысы

Б. Сәрсембеков